

ҚАҚПАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Топ: Б(о)-15к

Орындаған: Әмір Ләззат

Райымқұлова Меруерт

Сансызбаева Ұлғаным

Тағайбек Сабира

Қақпан – аңшылық құралы. Темірден жасалады. Ортасындағы шүріппесі арқылы жабылады. Қазақ аңшылары оның бала қақпан, қазақ қақпан, тісті қақпан сияқты түрлерін пайдаланған. Ұстайтын аңына қарай қасқыр, түлкі, тышқан қақпан деп аталады. Бала қақпан қарсақ, түлкі, суыр және басқа ұсақ аңдарды ұстауға қолданылады. Қазақ қақпан мен тісті қақпан қасқыр, аю, сілеусін, қабылан аулау үшін құрылады. Иісшіл аң темір иісін сезбеу үшін, қақпан алдын ала түрлі шөптермен бірге қайнатылуы мүмкін.


Қақпаншы – аңды қақпанмен аулайтын аңшы. Қақпан аң інінің аузына, жүретін жолына қақпан құрады. Ол қақпанды түрлі әдіс – тәсілдермен жасырып, маңына жемтік тастайды, аңның қақпанға түсер уақытын алдына – ала шамалап отырады. Қақпанға түскен аңды терісі бүленбес үшін қамшы, сойыл және басқа қарулармен соғып алады. Қақпанмен көбіне зорман, түлкі, қасқыр, суыр, аю секілді аңдарды аулайды.



Рис. 21. Установка капкана под след




Қақпанның әрбір мүшесінің атаулары бар. Қақпанның аң ұстайтын аузын «қандыауыз» қысып ұратын бөлігін «серіпер» деп, аң басып қақпан иегін тайдыратын жерін, қақпанның «табаны» , «түндігі» деп атайды. Қандыауызды жатқызып, табанына жапсырып тұруға тиісті ағашты қақпанның «тиегі» дейді. Ал түндіктегі тиектің сұғынып тұратын көлденең ағашын тиектің «қонағы» деп атайды. Тиектің атын қақпанның табан теміріне тағылған бүлдіргіге бекітіп қояды. Соңғы кезде аңшылар арнайы өнеркәсіптерде істелген темірқақпанды пайдаланатын болды.



Капкан на прямом основании с крестовиной: 1 - основание; 2 - пружины; 3 - дуги; 4 - крестовина; 5 - сторожок; 6 - рычаг; 7 - тарелочка; 8 - кольцо; 9 - вертлюг; 10 - цепь

ҚАҚПАН КӨЛЕМІНЕ ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ



Қақпан түрлері


Қақпанның түрі көп. Бұған темірқақпан, тасқақпан, құмқақпан, ағашқақпан, орқақпандар жатады.

Ағаш қақпанды орманды жерлердің аңшылары көптеп қолданылады. Үлкен ауыр дөңбекті көлденең жатқызып, дөңбекке шанышқы жасап артын берік бекітіп, бір ұшын көтеріп, тіреуіш қойып, тіреуіш астына ет жемді қояды. Жемді тартып, жеймін деген аңның басын, белін дөңбек басып қалады. Ағаш қақпанның түрі тубаларда көп болған.

Аңшылықтың көне құрал – саймандарының бірі – абақ. Абақтың сыртқы түрі ұзыншақ абдыраға ұқсаған. Көлденең қабырғасының біреуі ашық болады. Абдыраның ортасынан жоғары қарай ашылатын тор көз есік болады. Мұның төргі және ауызға бөлмелері болады. Аңға құрғанда торкөз есікті жоғары қарай тиекпен көтеріп ашып қояды. Абақты аң көп жүретін жерге құрып қояды.

Абақ – аңшы қарттардың айтуынша қасқыр, түлкі секілді аңдарды ұстауға арналған көне құралдың аты. Бұл құралдың функциясының құмқакпанның функциясынан еш айырмашылығы жоқ.

АБАҚ



Қазақ аңшылығында күні бүгіндері ауыл адамдары қолданатын құрал кәдімгі тұзақ. Тұзақ ерте кезден бастап қолданылып келе жатқан дәстүрлі құрал. Оны жасау үшін жылқының жалы, кекілі құйрығынан қылды кесіп алып, есіп ширатып алады. Моңғолдарда, тубаларда да ертеде тұзақты қолданған.

Расположите
петлю на уровне
головы животного



An illustration of a survival trap. A large tree trunk is on the right. A branch from the tree is bent into a large arch over a hole in the ground. A vertical post is driven into the ground on the left side of the hole. A wire is attached to the bottom of this post and runs horizontally across the hole. A pair of glasses is placed on the wire, with one lens resting on the ground. A small wooden peg is driven into the ground near the post, and a small notch is cut into the post. A red arrow points to this notch. The text 'Защелка с зубцом' is written in red above the arrow. In the foreground, there is a circular inset showing a close-up of the trigger mechanism: a wooden post with a notch and a wire passing through it.


Защелка
с зубцом

RuSurvival.Ru

Тұзақтың түрі соңғы кезде көбейген. Оған: сым темірден, жібек жіптен, жүн, кендір жіптерден де тұзақты жасап алатын болған. Қазақтар тұзақты аңшылыққа көптеп пайдаланған.

Қазақтардың балық аулайтын сайманның бірі – тартпа. Тартпаны ұзынша темірден қармақша шығарып, қырлап, үшкірлеп соғып, кәдімгі төбеннен соққан қармаққа ұқсатып иіп алады. Дайын болған үлкен қармақ тартпаны ұзын сызықтың ұшына бекітеді. Таяз суларда үлкен балықтардың жолын тосып, тартпа тұсына келген балықты тартып қалады. Балық көбінде өкпе тұсынан ілінеді. Тартпамен балықты балықшы өзіне қарай тартып аулайды. Тартпа балық аулайтын сенімді құралдардың бірі.

Балықшылар балықты тобымен аулау үшін ауды пайдаланған. Балықты ұстау үшін әр түрлі тор тоқылған. Ауды әртүрлі жіптермен тоқып келген. Жіп аудан басқа ағаштан да балық аулайтын ауларды тоқып алуға болады. Талдан, шіліктен тоқып алған шағын аулар шөміш-ау де аталады. Шөміш аумен таяз, арнасы қысыңқы суларда балық аулайтын болған.





Аң аулаудың тағы бір тәсілдері тасқақпан, құмқақпанмен аң аулау. Қақпан жалпақ тастардың біреуін жатқызып, екіншісінен қақпақша жасап, тіреуіштің астына ет-жемді қояды немесе екі жалпақ тастан тас шатырша жасап, тастың түбіне, шатыршаның ішіне жемді бастырып қояды. Аң жемжі жұлып аламын дегенде тас басп қалады. Тас үлкен болған сайын ірірек жыртқыштар қарсақ, сасық күзен, сусарлар ұсталады. Кішірек тастарды ақкісі сияқты сақ аңдарды ұстауға пайдаланады.

ТАСҚАҚПАН



Құмқакпанмен аң аулау әдісін адамдар ертеден бері қолданып келген. Ол үшін аң індетілген болуы шарт.Інге кірген түлкі, мәлін, қарсақтардың соңынан қар аралас қиыршық құмды ін көлеміне сай толтыра нығап қояды. Құмнан бұрын жусан, теріскей тағы басқа өсімдік қалдықтарын нығыған жөн. Олар құмдысусытпай ұстайды. Аң іннен шығу үшін жусанды өзіне қарай тартады. Сонан кейін құмды тырмалайды. Ақыры іннің мықтап бекітілген аузына келіп кептеліп қалады. Аңшылар мұны «отырғызып аулау» , «кепке отырғызу» деп атайды.

*Назарларыңызға
рахмет!!!*

